


КҮННЕН ЫСТЫҒЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ



Адам күлген кезде беттегі ет талшықтары демалады.



Ғалымдардың айтуы бойынша, әлемде 6000-ға жуық тіл бар. Бүгінгі таңда адамдар тек ана тілдерін білумен шектелмей, өзге елдердің тілдерін де білуге құмар. Ал бірнеше тіл білудің пайдасы қандай?

- 1. Вольтер айтып кеткендей, бірнеше тіл білу бір есікті бірнеше кілтпен ашуға мүмкіндік береді. Бір кілт келмесе, екінші бірін пайдаланып, құлыпталған есікті оп-оңай ашуға болады. Яғни, көп тіл білу – өміріңізді жеңілдетуші құрал.
- 2. Бүгінгі таңда күллі әлем жаһандану процесінде. Күллі әлем адамдардың басым бөлігіне түсінікті ағылшын тілін зерттеп, үйренуде. Яғни, ана тіліңнен бөлек, ағылшын тілін де білу заман соңынан ілесіп, оның талаптарын орындай білу мүмкіндігіне ие боласың.
- 3. Алайда ағылшын тілін жақсы білемін деп,

КӨП ТІЛ БІЛУДІҢ ПАЙДАСЫ

өзге мемлекетке саяхаттағанда сол білімім жеткілікті деп ойлаған дұрыс емес. Көптеген елдер өз ұлттық құндылықтарын жоғалтып алмау мақсатында таза өз ана тілдерінде сөйлейді. Тіпті сіздің ағылшыныңызды мүлдем түсінбеуі мүмкін. Қыдырып барған еліңіздің ана тілін зерттеп, оқи бастағаныңыз жөн. Бір, тіпті екі тіл білімімен шектелу – дұрыс емес.

4. Көп тіл білу адамның ми жүйесіне де жағымды әсерін тигізеді. Бірнеше тіл біле тұра, біздің миымыз бірнеше тілде ойлап, ақпаратты бірнеше нұсқада саралап, қабылдау мүмкіндігіне ие болады. Бұл, өз кезегінде, ойлау жүйеміздің дамып, миымыздың қабілеттерін арттырады.

5. Қазіргі таңда ғаламторды қолдану деңгейі күн сайын, тіпті секунд сайын жоғарылауда. Әлемнің әрбір нүктесінде өмір сүріп жатқан адамдар бір жерде тоғысады. Яғни, түрлі мә-

дениеттер мен түрлі тілдер бір жерде бас қосады. Әр адам ақпаратты өз тілінде береді. Ал сіз оны қалай түсінесіз? Әрине, оларды түсіну тек бірнеше тіл білген жағдайда ғана мүмкін. Ғаламтор желісіндегі аударушы сайттар мен бағдарламалар нақты аударма бермейді, тіпті сөйлемдердің мағынасын түбегейлі өзгертіп жібереді. Бұл тығырықтан сізді сіздің тіл біліміңіз ғана құтқара алады.

Әрине, тіл білімінің деңгейінің жоғары болуының пайдасы мұнымен шектелмейді. Бұл – тек сол тізімнің кішігірім бөлігі ғана. Көп тіл білу – қазіргі заманның басты талаптарының бірі. Ол талаптың орындалуын ешкім қадағаламайды, алайда оны орындамау өзіңізге зиянын тигізуі мүмкін. Мұндай қиын жолды жүру барысында, барлығының тек өзіңізге байланысты екенін естен шығармаған жөн. Бірақ ана тілімізді де ұмытпағанымыз абзал.

ЖЫЛЫНА 5 АЙ БОЙЫ КҮН КӨРІНБЕЙТІН ҚАЛА



Норвегиялық Рjukan қаласының тұрғындары шынында да қыркүйектен наурызға дейін — 5 ай — күн көзін бір көруге зар болып қалады.

Мәселе адамның физикалық ахуалында ғана емес, моральдық күйінде де — қысқы мерзімде депрессияға шалдыққандардың саны адам нанғысыз мөлшерге артып кетеді.

Бұның бәрі қаланың сәтсіз — барлық жағынан таулар қоршап, ойпаң жерге орналасқанының әсері.

Бірақ 1913 жылы Рjukan қаласының негізін қалаған Сам Эйденің басына аздап ессіздеу идея келеді — ол таулардың шыңдарына айналар орнату туралы ойлайды. Алайда өткен ғасырдың бас кезінде мұндай істі тындыру оңай шаруа емес еді, сондықтан бұл эксперимент сәтсіздікке ұшырады.

2005 жылы түнек қаланың тұрғыны суретші Мартин Андерсеннің арқасында қала басшылығы бұл идеяны тағы да еске алды.

Күрделі әдіс-амалдардың және 5 млн норвег кронаының (224 250 000 теңге) арқасында 2013 жылы үш айна орнатылды.

Олардан шағылысатын жарық қаланың басты алаңына бағытталды. Жергілікті тұрғындардың көңіл-күйі мен хал-жағдайы іле-шала жақсарып сала берді. Сонымен қатар айрықша айналарды тамашалау үшін алады қалаға туристер де көптеп келе бастады.

АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 5 СӘУІРДЕГІ № 69 «2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ (ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОСПАҒАНДА) СУБСИДИЯЛАНАТЫН ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ САТУШЫДАН САТЫП АЛЫНҒАН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ 1 ТОННАСЫНА (ЛИТРИНЕ, КИЛОГРАМЫНА) АРНАЛҒАН СУБСИДИЯЛАР НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай облысы әкімдігінің «2024 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 255-18 болып тіркелген) келесі толықтырулар енгізілсін:

1-қосымша мынадай мазмұндағы 543, 544, 545, 546, 547, 548, 549, 550, 551, 552, 553, 554, 555-тармақтарымен толықтырылсын:


543.	«Aminomax 10	Жалпы азот (N): 3,2% Органикалық азот (N): 3,2% бос аминқышқылдары: 10% PH (1% ерітінді): 4,1	2 864,00	литр
544.	Aminomax Ca	Бос аминқышқылдары: 12,5%, жалпы азот (N): 11%, нитрат азоты (N): 3,1%, мочевина азоты(N): 3,3%, Органикалық азот (N): 4,6. % Кальций (CaO): 5,7%	3 245,00	литр
545.	CUBO	Азот 6,2%, Фосфор 5,8 %, Калий 1,3 %, Мыс, 2,4%, Бор 4,0%, Аминқышқылдары, Фосфаттар	5 084,00	литр
546.	Fulltec	Азот 4,5 %, Фосфор 7,5 %, Аминқышқылдары, Калий Фосфаттары	3 801,00	литр
547.	Kafom K	P2O5: 30%, K2O: 20%	3 820,00	литр
548.	Stimax Growth	Ascorphyllum nodosum балдыр сығындысы: 5%, жалпы азот (N): 8,3%, нитрат азоты (N): 8,3%, суда еритін фосфор (P2O5): 8,3%, суда еритін калий (K2O): 8,3%, темір (Fe), EDTA хелаты: 0,03%, суда еритін марганец (Mn): 0,02%, суда еритін молибден (Mo): 0,001%, марганец (Mn), EDTA хелаты: 0,02%, суда еритін бор (B): 0,03%, суда еритін мырыш (Zn): 0,01%, суда еритін мыс (Cu): 0,02%	4 980,00	литр
549.	Stimax plus	Ascorphyllum nodosum балдыр сығындысы: 10% бос аминқышқылдары: 4% жалпы азот (N): 2% мочевина азоты (N): 0,6% Органикалық азот (N): 1,4% суда еритін фосфор (P2O5): 8% суда еритін калий (K2O): 7% суда еритін бор (B): 0,15% Суда еритін молибден (Mo): 0,15%	5 605,00	литр
550.	Stimax universal	Ascorphyllum nodosum балдыр сығындысы: 15% жалпы азот (N): 5,6% мочевина азоты(N): 5% Органикалық азот (N): 0,6% Магний (MgO), EDTA хелаты: 0,2% Темір (Fe), хелат: 1% Марганец (Mn), хелат: 0,5% мырыш (Zn), хелат: 0,5%	4 422,00	литр
551.	Stimax Yield	Ascorphyllum nodosum балдыр сығындысы: 12%, бос аминқышқылдары: 6%, жалпы азот (N): 6%, мочевина азоты (N): 3,8%, органикалық азот (N): 2,2%, фосфор (P2O5): 4%, калий (K2O): 5%, темір (Fe), DTPA хелаты: 0,5%, марганец (Mn), EDTA хелаты: 0,5%, мырыш (Zn), EDTA хелаты: 0,5%	5 130,00	литр
552.	TOP Zinc Max	Азот 7,0%, Фосфор 16,0%, Кобальт 0,6%, Молибден 2,5%, Бор 3%, Мырыш 5,0%. Күкірт 1,5%, Аминқышқылдары, Фосфаттар	5 108,00	литр
553.	АМИНОМАКС 30	Жалпы азот (N): 9%, органикалық азот (N): 9%, бос аминқышқылдары: 30%	3 835,00	литр
554.	АМИНОМАКС ОВОЩНОЙ	Жалпы азот (N): 2%, органикалық азот (N): 2%, фульвоқышқылдар: 20%, бос аминқышқылдары: 6%, жалпы гумус сығындысы: 20%	3 835,00	литр
555.	Нутривант Дрип 30-6-6	N: 30%, P2O5: 6%, K2O: 6 %, Fe : 0,04%, Mn: 0,02%, Zn: 0,01%, Cu: 0,0025%, Mo: 0,0025%	870,00	килограмм;

2. «Абай облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Абай облысының әкімі Н. ҰРАНХАЕВ

БАЛАҢЫЗ ЕРТЕ СӨЙЛЕСІН ДЕСЕҢІЗ...

Үлкендерден «Бала ойнап өседі» дегенді жиі естиміз. Иә, шынымен де, баланың ақыл-ойын қалыптастырып, жан-жағын танып-білудің ойының алар орны ерекше.



Әсіресе, тілі ерте шықсын десеңіз, балаңызбен бірге ойнаудың жөні бөлек екенін есіңізде ұстаңыз. Ойын арасында балаңызбен әрдайым сөйлесіп, сондай-ақ рөлдік ойнауды көбірек ойнауға тырысыңыз. Еркетайыңыздың тілі әлі шықпаса да, сізге жауап қайтармаса да, онымен сөйлесіп, айналаңыздағылардың бәрін түсіндіріп, ненің не екенін айтып отыруыңыз маңызды. Кішкентай бала жан-жағын тек үлкендер арқылы, олардың айтуы бойынша таниды. Демек, әр зат пен құбылыстың атын, түр-түсі мен іс-қимылын сол қалпында, анық, еш бұрмаламай, тура жеткізу керек. Ата-аналардың көпшілігі балаларға түсінікті болсын деп, керісінше, оларды шатастырып жатады. Өздеріңше «балалар тілінде сөйлеп», сиырды «му-му», итті «ап-ап», тамақты «ням-ням», т.б. деп кішкентайлардың басын одан ары қатырады. Сондықтан да әр нәрсені өз атымен атауды үйрену керек. «Ол – сиыр. Сиыр «му-му» деп мөңірейді» деңіз. Бала да бірден қағып алады. Оған қосымша балаңыздың «Сиыр неге мөңірейді?» деп сұрауы ғажап емес. Яғни қызығушылық туындайды, көбірек білгісі келеді. Ал білуге деген құштарлық баланы сөйлеуге ынталандырады. Баланың тілі өзі ерең шығып келе жатқанда кейбір ата-аналар тілдерін бұрап сөйлеп, оларды одан ары шатастырады.

шағымданады. Бала сөздерді қалай естісе, солай қабылдайды, яғни үлкендерден естуі бойынша айтады. Ендеше, кіне балада емес. Ал егер шынымен де кейбір әріптерді айта алмайтын болса, онда баламен үнемі жаттығу керек. Логопед мамандардан кеңес алып, арнайы тіл жаттығуларын жасауды ерте бастасаңыз, балаңыз да тез сөйлеп кетпек. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Кейбір ата-аналар балаларымен мүлде сөйлеспейді. Біреулер уақытының жоғын айта, екіншілері «ілі шықпаған баламен қалай сөйлессеңіз?» дейді. Тілі шықпаған баламен тілі ертерек шықсын деп сөйлесу керек. Мейлінше жиі әрі көбірек сөйлессеңіз, балаңыз да ерте сөйлемек.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынды

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Qazaq Astyq Group» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, сағат **11.00-де. 11.09.2024** Абай облысы, Семей қаласы, Восточная Промзона к-сі, 1, қоғамдық тыңдаулар жоба бойынша ашық отырыс түрінде өтеді: Жобаға ықтимал әсерлер туралы есеп «Сорғы майын жаңарту (Б) Восточная Промзона к-сі, 1/16, Бұқазандығы (Б) Восточная Промзона к-сі, 1/2; Брагорективтік бөлімшені қайта жаңарту (Ш) Восточная Промзона к-сі, 1, Ашыту бөлімшесі (У-1,У-2) Восточная Промзона көшесі, 1/6, Арақ дайындау қоймасы, цехы (З) Восточная Промзона көшесі, 1, Трансформаторлық қосалқы станция (Н) Восточная Промзона к-сі, 1/12 өнімділігі тәулігіне 200 т тазартылған өсімдік майын өндіретін Абай облысының Семей қаласында «Qazaq Astyq Group»ЖШС қойма және қосалқы құрылыстарымен.

Жобалық құжаттама пакетімен esportal.kz Бірыңғай экологиялық порталда сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/press/article/1?derection=3727&lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде esportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы – uripr_abai@akimatabai.gov.kz қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/press/article/1?derection=3727&lang=ru>.

Қосымша ақпаратты centrecoproekt@mail.ru электрондық мекенжайы арқылы және келесі телефон нөмірлері бойынша: 8(7232) 768276 алуға болады.

Әзірлеуші: ЖШС «ВостокЭКОпроект». БСН 200340020928, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 12 («Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі №02191Р лицензиясы **24.06.2020ж.** берілген).

Қоғамдық тыңдауларға қатысуды тіркеу үшін өзімен бірге куәлігі болуы тиіс.

Газет 1917 жылдың 17 маусымынан жарық көре бастады

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор – бас редактор
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА
Редактордың орынбасары –
жауапты хатшы
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ66VPY00061115, 12.12.2022 ж.

Газет «ABAY AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен баспамен шығарылады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Ақсуатта – 8 777 992 80 35, Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 19525.



Кезекші редактор Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ